ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ

# Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытындысы

**Түркістан қаласы - 2022 жыл**

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік аттестаттаудың нәтижелері туралы қорытынды**

Түркістан қаласы, 27 маусым 2022 жыл,
17 сағат 30 минут

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен *(бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары),* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі «2021 жылғы 9 қарашадағы «2022 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» №199 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» №281 бұйрығы және 2022 жылғы 20 маусымдағы №566 бұйрығы негізінде 20-27 маусым күндері аралығында "Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – мектеп-гимназиясы) мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау Департаменттің 2022 жылғы 20 маусымдағы №566 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

1. Медеубек Гүлдар Сапарбекқызы – Департаменттің білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің басшысы, комиссия төрағасы;
2. Каримова Гульвира Славиковна – Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері, комиссия мүшесі;
3. Беласаров Ғалым Сейілбекұлы – Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Суындық жалпы орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Тулегенов Қайрат Нысанбекович- Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің №1 Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының директоры, комиссия мүшесі;
5. Шілекей Рустем Асқарұлы – Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің №15 Төрткүл төбе жалпы орта мектебінің директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі;

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

| | |
|---|---|
| **I. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер** | |
| 1) | **Мекеменің толық атауы:** Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектеп –гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мектеп-гимназия) |
| 2) | **Білім беру ұйымының орналасқан жері:** Индекс 161009, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі, Құмкент ауылы, Кенжеғұл Берденулы көшесі, №14А үй |
| 3) | **Заңды тұлғаның байланыс деректері:** 87254624332, ұялы телефон: 87754600220, kum-sat@mail.ru, сайт: https://satbaevgm.edu.kz |
| 4) | **Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталуына байланысты Кузенбаев Айбар Сабарбекович барлық қаржылық және басқа да құжаттарға бірінші қол қою құқығымен директор лауазымына Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2021 жылғы 27 қаңтарда №30 бұйрығымен қайта бекітілген. |
| 5) | **Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:** Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы «Түркістан облысының әділет департаментінен 2021 жылғы 27 қаңтарда берілген.<br>Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 16.08.2001 жыл.<br>**БСН-** 010840002254.<br>Кәсіпорынның қатысушысы: «Түркістан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.<br>Кәсіпорынның уәкілетті органы - Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі болып табылады.<br>**Білім беру ұйымының жарғысы** Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 14 қаңтардағы №05 қаулысының 170-қосымшасымен бекітілген. Алғашқы тіркелген күні 16.08.2001 жыл.<br>**Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).**<br>**Білім беруге құқық беретін мемлекеттік лицензиясы** Түркістан |

| | |
|---|---|
| | облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінен 25.02.2021 жылы №KZ39LAA00024816 лицензиясы Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне берілген. Мемлекеттік лицензияға қосымшасы қайта рәсімдеу барысында 001 – бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, -жалпы орта білім беру түрлерінің кіші түрлеріне 25.02.2021 жылы берілген.<br>Алғашқы берілген күні: 30.04.2002 жыл.<br>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2022 жылғы 23 мамырда №KZ04RVK00040573 хабарлама берілген. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. |
| **I. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша** | |
| **Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:** | |
| **1)** | **Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі.**<br>**Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:**<br>Мектептің бағаланатын кезеңге ұсынған өзін-өзі бағалау қорытындысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарында көрсетілген талаптарға сәйкес толтырылып, ұсынған.<br>Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың (бұдан әрі – МДТО МЖМБС) 2-тарау 4-тармағында көрсетілген "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен *(мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген*) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» сәйкес мектепалды даярлық сыныбының жұмыс оқу жоспары түзіліп, мектеп директорымен бекітілген.<br>Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын басшылыққа ала отырып, ҚР БҒМ –нің 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығымен |

| | |
|---|---|
| | бекітілген «1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына» сәйкес мемлекеттік тілде оқытылатын топтар 1-қосымшасын басшылыққа ала отырып 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарына бекітілген жұмыс оқу жоспары мен ұйымдасырылған оқу қызметінің кестесін ұсынған.<br>2018-2019, 2019-2020 оқу жылдарында мектепалды даярлық сыныбында инварианттық компоненттен 20 сағат, вариативтік компоненттен 4 сағат, барлығы апталық жүктеме 24 сағат жоспарланып өтілген.<br>2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында инварианттық компоненттен 17 асағат, вариативтік компоненттен 3 сағат, барлығы апталық жүктеме 20 сағат жоспарланған. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша аптасына 3 сағат, жылына 99 сағат, «Қатынас» білім беру саласы бойынша аптасына 5 сағат, жылына 165 сағат, «Таным» білім беру саласы бойынша аптасына 2,5 сағат, жылына 82,5 сағат, «Шығармашылық білім беру саласы бойынша аптасына 5 сағат, жылына 165 сағат, «Әлеумет» аптасына 1,5 сағат, жылына 49,5 сағат.. Вариативтік компоненттен 3 сағат, жылына 99 сағат, барлығы аптасына 20 сағат, жылына 660 сағат ҮОЖ сәйкес жоспарланған.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мектепалды даярлық сыныпқа түзілген жұмыс орқу жоспарына сәйкес жоспарланып жүргізілген. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** МДТО МЖМБС 4-тармақ, 1) тармақшасына сәйкес келеді. |
| **2)** | **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру қызметін жүзеге асыру үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО ҮОБ) сәйкестігі, оның ішінде:**<br>оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуі;<br>қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыруы;<br>тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасауы;<br>мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құруы;<br>мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз етуі;<br>тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындығы;<br>креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруы;<br>"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруы;<br>**<u>Талдау нәтижелері</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында** |

**анықталғаны:** .

Мектепалды даярлық сыныбының 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарына бекітілген білім беру қызметі МДТО МЖМБС-ның 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес әзірленген.

Үлгілік оқу бағдарламасының 6-тармағына сәйкес бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, «Мекепалды сыныбы» 5 жастан бастап іске асырылған. Перспективалық жоспар өтпелі тақырыптармен бес білім беру саласы бойынша 9 айға жоспарланған. Циклограммадағы күн тәртібіндегі режимдік сәттерді (таңертеңгілік қабылдау, ертеңгілік гимнастика, тамақтандыру балалар қызметінің түрлері (ойын, шығармалық, танымдық, эксперимент, дербес және т.б), серуен, күндізгі ұйқы, жеке жұмыс, сауықтыру іс-шаралары және т.б) бойынша балалар өмірін ұйымдастыру жұмыстары жоспарланып, өтпелі тақырыптың негізінде SMART мақсат қойылған.

Мектепалды даярлық сынып мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету үшін бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін жиһаз жиынтығы (кереуеттер, үстелдер, орындықтар, шкафтар және т. б.) жеткілікті мөлшерде қамтылған

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылған.

Осы өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескеріліп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды жоспарлаған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету мақсатында балабақша мен мектеп педагогтары арасында іскерлік ынтымақтастық орнату, балаларды мектепке оқытуға дайындау жұмыстары жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілген.

Қоршаған ортамен таныстыру оқу қызметін жоспарлаған кезінде командада өзара іс-қимыл жасау іскерлігін дамытуға бағыттауды ойын барысында жүзеге асырған. Тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбына сәйкес ойынды алдын-ала таңдауға немесе өз бетінше құруға, сондай-ақ балалардың жеке және жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын ескере отырып жоспарлаған.

| | |
|---|---|
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарау<br>4-тармақ 2)тармақшасы, 5 - тармақтың 1),2),3), 4), 5), 6), 7), 8) - тармақшаларына сәйкес келеді. |
| **3)** | **МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру.**<br>**<u>Талдау нәтижелері</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:**<br>Бағаланатын кезеңге мектепалды даярлық сыныбы тәрбиеленушілеріне тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасалып, заттық-кеңістіктік дамытушы орта құрылған. Баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдаланған заттық-кеңістіктің дамытушы орта бөбекжайдың сайтқа салынған фотосуреттерден көруге болады.<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар ескерілген: - қауіпсіздік; - қолжетімділік; - әртүрлілік; - мазмұндылық; - көп атқарымдылық; - өзгермелілік; - тартымдылық.<br>Жас ерекшеліктері бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар сақталған.<br>Заттық дамытушылық ортаны құру балалардың даму мүделлеріне, олардың эмоционалдық әл-ауқатына жауап береді<br>Мектептің ұсынған пәндік-кеңістік ортасы___жабдықтар___мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері топтарда жиһаздармен қамтамасыз етілгенін дәлелдейтін құжаттар сайтқа орналастырылған.<br>Ұлттық білім беру деректер қорында мектепалды даярлық сыныбына 1 кабинет ойын алыңымен берілгендігі көрсетілген. Меткепте барлығы 169 компьютер бар, оның 30 компьютері ғаламторға қосылған. Интернеттің жылдамдығы 10 мбит/с.<br>**1 тармағы 1.2 тармақшасының** «Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру» бағыттар және бағалау өлшемшарттары бойынша бойынша ұлттық білім беру деректер қорыда интернет жылдамдығы 10 Мб/с-тан төмен деп көрсетілген, демек, «**Zhaqsy**» бағадан төмен деп бағаланды. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ**: МДТО МЖМБС 1-қосымша, 1-тарау, 2-тармақ, 6) тармақшасына, МДТО Үлгілік оқу бағдарламасының 1-тарау, 3-тармағына сәйкес келеді. |
| **4)** | **МЖМБС талаптарына және МДТБ үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы**<br>**<u>Талдау нәтижесі</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған** |

| | |
|---|---|
| | **құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:** Мектептің бағаланатын кезеңге ұсынған құжаттар топтамасында 2018-2019 оқу жылынан 2021-2022 оқу жылы аралығында мектепалды даярлық тобында 3 тәрбиеші жұмыс атқарады. Оның ішінде, 3 жоғарғы білімі бар педагогтер. Диплом бойынша мамандықтары "Бастауыш сынып оқытудың педагогикасы мен әдістемесі". Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 5-параграфы 24-тармағында көрсетілген мектепалды даярлық сынып тәрбиешісіне қойылатын біліктілік талапатарына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі және (немесе) техникалық және кәсіптік педагогикалық білім немесе "Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі" бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжаты бар адам жіберілетіні ескерілді. **1 тармағы 1.1 тармақшасының** «МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы». Мектепалды даярлық сынып, тәрбиешілерінің жалпы санынан «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік және жоғары білімі бар педагогтердің үлесі 0 % - ды құрағандықтан, бағасы жоқ. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік және жоғары білімі бар педагогтер анықталмағандықтан бағасы жоқ. |
| **5)** | **Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктері ескеріліп, жеке оқу жоспары мен жеке бағдарлама әзірлеу талаптарын орындау** <u>**Талдау нәтижелері**</u>**: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:** Ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиелеушілердің ата-аналарынан ұсыныстар болмаған, балабақшаның ұсынған құжатында инклюзивті сыныптары қарастырылмаған. **Ұсыныс**: Алдағы уақытта ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар қабылданған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3 және 6 тармағының талаптарын назарда ұстау ұсынылады. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** талап етілмеді. |
| **6)** | **Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарладың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.** <u>**Талдау нәтижелері**</u>**:** |

| | |
|---|---|
| | ***Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу мынаны көрсетті.*** <br> Мектептің ұсынған құжаттар топтамасында 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарына мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерінің даму мониторингісі мен жеке даму картасы ұсынылған. <br> МАД сыныптың 59 тәрбиеленушілеріне жүргізілген бастапқы кезенде І деңгейде-27, ІІ деңгеде-22, ІІ деңгейде 10 тәрбиеленушімен даму мониторингісі индикаторларға сәйкес жүргізіліп, нәтижесінде жеке даму картасы жүргізілген. Түзету шараларын белгілеген. <br> Тәрбиеленушілерге жүргізілген даму мониторингісінің аралық кезеңінде бақылаудың жиынтық кестесіне сәйкес І деңгейде – 14, ІІ деңгейде -30, ІІІ деңгейде 15 тәрбиеленушіні белгілеген. Нәтижесінде жеке даму картасы жүргізілген. Түзету шараларын белгілеген. <br> 2020-2021 оқу жылының қорытынды кезеңіне жүргізілген даму мониторингісі бойынша І деңгейде-3, ІІ деңгейде -29, ІІІ деңгейде -27 тәрбиеленуші. <br> Жалпы жыл соңында тәрбиеленушілердің 94 пайызы меңгеруге тиісті білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді меңгерген. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен (1-қосымша) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 7 және 17 тармақтарына сәйкес келеді. |
| **7)** | **«Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асыру.** <br> **<u>Талдау нәтижелері</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:** <br> Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылған "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген. Балалардың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктірілген, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану арқылы тәрбиелеу, дамыту және оқыту міндеттерінің бірлігі ұсынылған ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдарында айқындалған. <br> Білім беру ұйымымен мектепалды даярлық сыныптардың педагогтерімен бағаланатын кезеңге жасалған перспективалық жоспарлардың көшірмелері, ұйымдастырылған оқу қызметінің (ашық сабақтарының) бейнематериалдары, вариативтік компоненттен берілген пәндерді игеру барысында тәрбиеленушілердің күндізгі немесе сырттай халықаралық немесе республикалық деңгейдегі байқаулар мен шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары, жүлдегерлері не қатысушылары болып табылатын |

жетістіктерін растайтын құжаттар ұсынылды.

**1 тармағы 1.3 тармақшасының** Тәрбиеленушілер қашықтықтан немесе күндізгі қалалық зияткерлік конкурстардың жеңімпаздары, жүлдегерлері немесе аудандық деңгейдегі қатысушылар болып табылады, «**ortasha**» бағаға бағаланды. Аудан көлемінде 2 зияткерлік сайысқа қатысқан.

**1 тармағы 1.4 тармақшасының** Тәрбиеленушілер күндізгі және сырттай қалалық немесе аудандық деңгейдегі шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары, жүлдегерлері не аудандық деңгейдегі қатысушылар болып табылады, «**ortasha**» бағаға бағаланды. Аудан деңгейінде 3 шығармашылық байқауларға қатысқан.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы № 604 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2 тарау 8, 10, 11, 13–тармақтарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары» 6-тарауының (мектепалды даярлық сынып (5 жастан бастап) талаптарына сәйкес келеді.

**8)** **Тәрбиеленушілердің дамуы мониторингінің (бастапқы мониторинг) болуы.**

**Талдау нәтижелері:** Талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу мынаны көрсетті:

Мектептің ұсынған құжаттар топтамасында 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарына мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерінің даму мониторингісі мен жеке даму картасы ұсынылған.

МАД сыныптың 59 тәрбиеленушілеріне жүргізілген бастапқы кезеңде I деңгейде-27, II деңгеде-22, III деңгейде 10 тәрбиеленушімен даму мониторингісі индикаторларға сәйкес жүргізіліп, нәтижесінде жеке даму картасы жүргізілген. Түзету шараларын белгілеген.

*«Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021-2022 оқу жылында мектепалды даярлық топтарының бастапқы даму мониторинг нәтижелері*

*25.09.2021 жыл*

| Топтың атауы | Бала саны | Дағдылардың қалыптасу деңгейі | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Денсаулық сақтау дағдылары | | | Коммуникативті тілдік дағдылар | | | Танымдық дағдылар | | | Әлеуметтік дағдылар | | | Шығармашылық дағдылар | | |
| | | III | II | I | III | II | I | III | II | I | III | II | I | III | II | I |
| МАД «А» | 19 | 3 | 5 | 11 | 3 | 5 | 11 | 3 | 5 | 11 | 3 | 5 | 11 | 3 | 5 | 11 |
| МАД «Ә» | 20 | 3 | 5 | 12 | 3 | 9 | 11 | 3 | 6 | 11 | 3 | 5 | 12 | 3 | 10 | 7 |
| МАД «Б» | 20 | 3 | 12 | 5 | 3 | 8 | 9 | 3 | 8 | 9 | 3 | 8 | 9 | 3 | 8 | 9 |
| **Барлығы** | **59** | **9** | **22** | **28** | **9** | **22** | **31** | **9** | **19** | **31** | **9** | **18** | **32** | **9** | **23** | **27** |
| Қалыптасуы % | 100 | 15,2 | 37,3 | 47,4 | 15,2 | 37,3 | 52,5 | 15,2 | 32,3 | 52,5 | 15,2 | 30,5 | 54,2 | 15,2 | 38,9 | 45,7 |

.

Бастапқы кезең бойынша тәрбиеленушілердің 54 пайызы меңгеруге тиісті білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді меңгерген.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** МДТО МЖМБС 2-тарау 7 тармаққа, 4-тарау, 17-тармаққа сәйкес келеді.

| Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар | |
|---|---|
| 1) | **МДТО ҮОЖ-да белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі.**<br>**<u>Талдау нәтижелері</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны**:<br>Талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей МАД сыныбына бекітілген жұмыс оқу жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінде көрсетілген оқу жүктемесінің үлгілік оқу жоспарында белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған..<br>Оқу жүктемесінің максималды көлемі мен оқу қызметіне берілген уақыты Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1-қосымшасының 3-тарауына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 1 – қосымшасына сәйкес екендігі анықталды. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** МДТО МЖМБС 1-қосымша, 3-тарау, 14, 15-тармақ және №557 ҮОЖ 1-қосымшаларына сәйкес келеді. |
| 2) | **Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы** *(білім беру ұйымының басшысымен әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар).*<br>**<u>Талдау нәтижелері</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:**<br>Бағаланатын кезеңге ұсынылған үлгілік оқу жоспары негізінде жасалған жұмыс оқу жоспарларында белгіленген оқу жүктемелерінің сақталуын зерделеуге ұйымдастырылған оқу қызметін бөлу, күн тәртібі, өтпелі тақырыптары жазылған перспективалық жоспарлар мен олардың негізінде толтырылған циклограммалар ұсынылған..<br>Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.<br>1) мектепалды тобы, мектепалды сыныбы (5 жастан бастап) – ұзақтығы 25-30 минуттан - 17 сағат . |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** МДТО МЖМБС 1-қосымша, 3-тарау, 15-тармағына және МДТО ҮОЖ 1-қосымшасына сәйкес келеді. |
| | **Оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар:** |
| 1. | **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар** *(бағалау өлшемшарттардың 6 немесе 7-* |

| | |
|---|---|
| | *қосымшаларына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері)***.**<br>**<u>Талдау нәтижелері</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:**<br>Мектептің ұсынған өзін-өзі бағалау қорытындысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 6-қосымшасына сәйкес Мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнама (бес жастан бастап) алынған. Сайтқа ұсынылған 2021-2021 оқу жылында тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін меңгеруі бойынша ата-аналар немесе заңды тұлғалардан сауалнама алынған<br>Өзін-өзі бағалау барысында МАД сыныбы тәрбиеленушілерінің ата-аналары арасында "мектепалды жастағы (бес жастан бастап) балалардың ата-аналарына арналған сауалнама" № 6 қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне сауалнама жүргізілген. Ата-аналардың сауалнамалық сауалнамасын талдау балалардың денсаулық сақтау, танымдық, коммуникативтік-тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дағдылары толық қалыптасқанын көрсеткен. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың<br>«Денсаулық» дағдылары бойынша келіспеймін 2,8%,жауап беруге қиналғандар – 35,8%. келісетіндер – 57,3%<br>«Коммуникативтік – тілдік» дағдылар бойынша келіспеймін 4,4%,жауап беруге қиналғандар – 37,5%. келісетіндер – 62,1%<br>«Танымдық» дағдылар бойынша келіспеймін 3,9%,жауап беруге қиналғандар – 28,7%. келісетіндер – 51,2%<br>«Шығармашылық» дағдылар бойынша келіспеймін 1,9%,жауап беруге қиналғандар – 40,9%. келісетіндер – 71,4%<br>«Әлеуметтік» дағдылар бойынша келіспеймін 3,8%,жауап беруге қиналғандар – 19 %. келісетіндер – 63,6 %<br>Жалпы келіспеймін 3,2%,жауап беруге қиналғандар –32,3%.келісетіндер -61,1 %<br>Сауалнама нәтижелері барлық мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен оқыту нәтижиелеріне, балалардың игерген білім, білік дағдыларына қанағаттанатынын 61,1 % көрсетіп отыр.<br>Сауалнама нәтижелері барлық мектепалды тобының тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен оқыту нәтижелеріне, балаларының игерген білім, білік, дағдыларына қанағаттанатынын көрсетіп отыр.<br>**Өлшемшарттардың 2 тармағы** «Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» 2.1 тармақшасы «МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, |

| | |
|---|---|
| | дағды және құзырет көлемін игеру» бағыттар және бағалау өлшемшарттары бойынша 61,1%-дан астам респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған, демек, «**zhaqsy**» бағаға бағаланады. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** МДТО МЖМБС 20-тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 4-тармақ 6)тармақшасына сәйкес келеді. |
| **Ү. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:** | |
| **1)**<br><br>**2)** | **МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру** *(МДТО ҮОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бейне материалы).*<br>**Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің болуы және талдау (қорытынды)** *(бағалау өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингінің (қорытынды) көшірмелері)*.<br>**Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:**<br>Мониторинг - балалардың түрлі жас кезеңдерінде біліктері мен дағдыларының даму деңгейін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін анықтауға мүмкіндік береді. Балабақшаның ұсынған құжаттарында балалардың жетістіктерін мониторингілеу нәтижелері жоқ. Кестеде дағдылар тізбесі көрсетілмеген. Қойылған сандар мен пайыздық өлшемдер жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерін анықтауға мүмкін болмады. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:<br>1) бірінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;<br>2) екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;<br>3) үшінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.<br>Алайда, мектептің ұсынған құжаттар топтамасында 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарына мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерінің даму мониторингісі берілген.<br>2020-2021 оқу жылының қорытынды кезеңге жасалған даму мониторингісі бойынша: «Денсаулық» білім беру дағдылары бойынша балалардың ІІІ жоғары деңгей<br>44,2%,ІІ орташа деңгейде – 51,9%, І төмен деңгейде – 3,8% |

| | |
|---|---|
| | - «Қатынас» білім беру дағдылары бойынша балалардың ІІІ жоғары деңгейде 26,9% ,ІІ орташа деңгейде 36,5%, І төмен деңгейде – 36,5%<br>-«Таным» білім беру дағдылары бойынша балалардың ІІІ жоғары деңгейде 21,1% , ІІ орташа деңгейде 50 % , І төмен деңгейде 28,8% .<br>-«Шығармашылық» білім беру дағдылары бойынша балалардың ІІІ жоғары деңгейде 30,7% ,ІІ орташа деңгейде 65,3% ,І төмен деңгейде 3,8% .<br>-«Әлеуметтік» білім беру дағдылар бойынша балалардың ІІІ жоғары деңгейде 28,8% , ІІ орташа деңгейде 57,6% ,І төмен деңгейде13,4% .Жалпы ІІІ жоғары деңгейде – 27%, ІІ орташа деңгейде –37%, І төмен деңгейде -35%, жалпы қорытынды кезең бойынша меңгерген бала 72% көрсетті. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** МДТО МЖМБС 1-қосымша, 4-тарау, 16, 17-тармағы талаптарына сәйкес келеді. |
| **Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:** | |
| **1)** | **Жас кезеңін сақтау және топтарды бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау***(бағалау өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері)***.**<br>**Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны**<br>Мектепалды даярлық сыныбының 2021-2022 оқу жылына бекітілген топтардың жас ерекшелігінде 9-қосымша бойынша ұсынылған тәрбиеленушілердің тізіміне сәйкес Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 5-тарау, 22- тармағында көрсетілгендей жас кезеңдері және жас топтары балалардың жасы – 1 қыркүйектегі толық жасымен көрсетілуі керек (мектепалды жас – 5 жастан бастап мектепалды даярлық сыныбында сақталмағаны анықталды.<br>Білім беру ұйымында бағаланатын кезеңде мектепалды даярлық сыныптарының саны жылдан жылға өсіп отырған.<br>2021 – 2022 оқу жылында сыныптар саны – 3, бала саны 59.<br>Балабақшадағы тәрбиеленушілер саны Ұлттық білім беру деректер қорындағы (ҰБҒДҚ) мәліметтерге сәйкес келеді. ҰБҒДҚ «Контингент» бөлімінде 59 бала, сынып комплектісі бойынша толтырылған «Білім беру объектісі туралы мәліметтер» бөлімінде 59 бала, мектеп ұсынған тізім бойынша 59 бала. Сәйкес келеді. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** МДТО МЖМБС 5-тарау, 22-тармағына сәйкес келеді. |
| **2)** | **Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.**<br>МДТО МЖМБС 22-тармағы талабы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 5 жыл. Балабақша ұсынған өзін-өзі талдау қорытындысына балабақшаға тәрбиеленушілердің қабылданған және шығарылған, топта топқа ауыстырған, ұсынылған |

| | |
|---|---|
| | құжаттарында бөбекжай есебінен шығарылған тәрбиеленушілердің бұйрығы мен бұйрықтарды тіркеу журналы ұсынылған.<br>Үлгілік оқу бағдарламасының меңгеру кезеңдері сақталған.<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 595 бұйрығына 1-қосымшасының «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 9 тармағы 4) тармақшасына сәйкес тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы жылы 1 қыркүйектегі толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылған.<br>Балабақша тәрбиеленушілердің болу уақыты толық күн болу тәртіппен қызмет етеді, оқу жылы 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында белгіленген.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ:** МДТО МЖМББС 1-қосымшаның 5-тарауының 22-тармағына сәйкес келеді. |
| **II. Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары білім беру қызметін зерделеу қорытындылары**<br>**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар** | |
| **1)** | **Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі** (***Бағаланатын кезең бойынша талдау құжаттары: бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері).***<br>**<u>Талдау нәтижелері</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:**<br>Білім беру ұйымының 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 және 2021-2022 оқу жылдарына жасалынған жылдық жұмыс жоспары меткеп директорымен бекітіліп, кәсіподақ ұйымының төрағасымен келісілген, педагогикалық кеңесте талқыланған.<br>Жылдық жұмыс жоспарларында жалпы орта білім беру ұйымдарының МЖМБС талаптарында көрсетілген Жалпы орта білім беру мазмұнында базалық құндылықтар ретінде: 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық; жауапкершілік; 2) құрмет; 3) ынтымақтастық; 4) еңбек пен шығармашылық; 5) ашықтық; 6) өмір бойы білім алу айқындалған.<br>Жалпы орта білім берудің мақсаты:<br>- кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:<br>1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану;<br>2) сын тұрғысынан ойлау;<br>3) зерттеу жұмыстарын жүргізу; |

| | |
|---|---|
| | 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;<br>5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін қолдану;<br>6) топта және жеке жұмыс жасау білігі;<br>7) мәселелерді шешуі және шешім қабылдау.<br>Жалпы орта білім берудің негізгі міндеттері:<br>1) міндетті оқу пәндері мен таңдау бойынша бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытуды жүзеге асыру;<br>2) оқу пәндерін оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлерін үйлестіру негізінде жоғары оқу орындарына түсуге білім алушылардың академиялық дайындығын қамтамасыз ету;<br>3) рухани-адамгершілік қасиеттерін, коммуникативтік, әлеуметтік, зерттеушілік дағдыларын және проблемаларды сын тұрғысынан және шығармашылықпен ойлау негізінде шешу біліктігін мақсатты дамыту;<br>4) бітірушілерге олардың мүдделері мен қабілеттеріне сәйкес кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесу;<br>5) бітірушілерге өмір бойы білім алуын жалғастыруға оң көзқарасының, өмірде мансаптық өсуі мен танымдық процесін реттеуге даярлығының қалыптасуына көмектесу болып табылады. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарында жоғарыда көрсетілегн құндылықтар, мақсат-міндеттер, нәтижелерді көрсете білген.<br>Мектеп-гимназияның алға қойған мақсат-міндеттерінің бірі – деке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесін қалыптастыру.<br>Осылайша, жылдық оқу жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-қосымша, 2-тарау, 1-параграфы 5-тармағына, 3-қосымша, 2-тарау, 1-параграфы, 7, 9, 10-тармағына, 4-қосымша, 2-тарау, 1-параграфы 5, 7, 9-тармақ талаптарына сәйкес жалпы орта білім берудің базалық құндылықтары, мақсаттары мен міндеттері көрсетілгені анықталды. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** ЖОББ МЖМБС 2-қосымша, 2-тарау, 1-параграфы 5-тармағына, 3-қосымша, 2-тарау, 1-параграфы, 7, 9, 10-тармағына, 4-қосымша, 2-тарау, 1-параграф, 5, 7, 9-тармақ талаптарына сәйкес келеді**.** |
| 2) | **Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес болуы:**<br>**Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:**<br>Мектеп-гимназияның ұсынған 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарындағы үлгілік оқу жоспарларындағы сағат саны мектептің сынып журналдары мен сабақ кестелерінде көрсетілген пәндермен, сағат сандарымен сәйкестігін сараптау барысында анықталғаны:<br>Мектептің 2018-2019 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары *Қазақстан* |

| | |
|---|---|
| | *Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының (бұдан әрі – ҮОЖ) №1, 3-3 қосымшасы* қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш сыныптарына арналған*, №4, 6, 6-3 -қосымшалары* қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім беру сыныптарына арналған *және* ҮОЖ-ның 7, 8-қосымцаларына сәйкес қазақ тілінде 10-11-сынып жұмыс оқу жоспары жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша түзілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен бекітілігең «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымша 58-тармағы негізінде Гимназия сыныптарына білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есеппен сағат берілген.<br>Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жұмыс оқу жоспары, сынып журналы, сабақ кестесі түзіліп, мектеп-гимназия директорымен бекітілген.<br>Мектептің 2019-2020 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының №1, 3-3 қосымшалары* қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш сыныптарына арналған, *№6 -қосымшасы* қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта сыныптарына арналған *және* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығына сәйкес қазақ тілінде жүргізілетін 10-сынып жұмыс оқу жоспары жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша, ҮОЖ-ның 7,8-қосымшалары бойынша 11-сынып қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынш түзілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен бекітілігең «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымша 58-тармағы негізінде Гимназия сыныптарына білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есеппен сағат берілген.<br>Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жұмыс оқу жоспары, сынып журналы, сабақ кестесі түзіліп, мектеп – гимназия директорымен бекітілген.<br>Мектептің 2020-2021 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының №6- қосымшасы* қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш сыныптарына арналған, 16-қосымша қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта сыныптарына арналған *және* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығына сәйкес қазақ тілінде жүргізілетін 119,120-қосымшалары бойынша 10, 11-сынып қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыт |

бойынша, лицей сыныптары ҮОЖ-ның 39, 47,49-қосымшаларына сәйкес жұмыс оқу жоспарлары түзілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен бекітіліген «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымша 58-тармағы негізінде Гимназия сыныптарына білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есеппен сағат берілген.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жұмыс оқу жоспары, сынып журналы, сабақ кестесі түзіліп, мектеп – гимназия директорымен бекітіліп, кәсіподақ төрағасымен келісілген.

Мектеп-гимназияның 2021-2022 оқу жылына арналға жұмыс оқу жоспары *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (бұдан әрі – ҮОЖ) 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 1-қосымшасы* қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш сыныптарына арналған, 6-қосымша қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта сыныптарына арналған және 99, 100-қосымшалары бойынша 10, 11-сынып қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарға түзілген. Лицей сыныптарының жұмыс оқу жоспары ҮОЖ 19-қосымшасы қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің, *27* – қосымшасы, 29- қосымшалары қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес түзілген. 2021-2022 оқу жылының І жартыжылдығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен бекітіліген «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымша 58-тармағы негізінде Гимназия сыныптарына білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есеппен сағат берілген. Ала, 2021-2022 оқу жылының ІІ жарты жылдығынан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 92-тармағы бойынша гимназия сыныптарына білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есеппен беру жоспарланып, өтілген.

Мектеп директорымен бекітіліп, кәсіподақ төрағасымен келісілген.

**Ұсыныс**: мектеп – гимназияның гимназия сыныптарына алдағы оқу жылдарында үлгілік оқу жоспарының , гимназия сыныптарына арналған 14, 19, 27, 29-қосымшаларын басшылыққа ала отырып жоспарлау ұсынылады, себебі білім беру қызметінің біліктілік талаптарында жұмыс оқу жоспарының үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі талап етіледі.

| | |
|---|---|
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2-қосымшасының 41 -тармақтары, 3-қосымшаның 55-тармағы, 4-қосымшасының 2-тармақ 9), 10), 13)тармақшаларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының» *14,* 19, 27, 29-қосымшаларынасәйкес келеді. |
| 3) | **Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игерілуі (*инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру багдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтардың сынып журналдары және т. б).*** <br><br> **<u>Талдау нәтижелері</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:** <br><br> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бектілігген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларының» 175-187-1, 188-2, 198-212, 392-1, 394, 395, 398, 401, 402, 405-425, 439-441, 626, 629-635, 637 қосымшаларына сәйкестігін https://portal.kundelik.kz/ порталындағы тақырыптық жопарлар мен бейнеконтентте ұсынылған сабақтарға талдау жасалынды. <br><br> Аталған өлшемшарттар бойынша жұмыс оқу жоспарында анықталған инваринатты компонент пәндерінің орындалысына талдау жұмыстарын жүргізу үшін https://portal.kundelik.kz электронды портал жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары зерделенді. Нәтижесінде әр оқу пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнын толық анықтау мүмкіндігі болмады. Мектеп-гимназияның электронды порталға күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды жүктеу 2020-2021 жылы толық болмаған, 2021-2022 оқу жылында қыркүйек айынан 25 мамыр күніне дейін жүктелген. Алайда, ЕСКЕРТУ-де КТЖ бір жылға толық жүктеледі деп көрсетілген. <br><br> Мектеп-гиназияның бағдарламаны орындалуы 100 пайызды көрсетіп тұр. <br><br> Инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтардың электронды журналдары және бейне материалдар толық ұсынылған. Ұсынылған бейнематериалдарда комиссия сарапшылары талдау жасап шықты. Бағдарлама орындалуда. <br> Мектеп - гимназия сыныптарында 2021-2022 оқу жылына бекітілген жұмыс оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі түзілген, вариативтік компоненттегі сағат сандары пән атаулары сәйкес келеді. **ҚОРЫТЫНДЫ**: ***ЖОББ МЖМБС 2-қосымшасының 41-тармағы, , 3-қосымшасының 55-тармағы, , 4-қосымшасының 49 – тармағына, ЖББ ҮОЖ 19, 27, 29-тармақ талаптарына*** |

***сәйкес келеді.***

**4)**

**Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асырылуы (*Бағаланатын кезең бойынша талдау құжаттары:*** *жоспарланған іс-шараларды орындау бойынша барлық растайтын құжаттарымен тәрбие жұмысы жоспарларының көшірмелері).*

**<u>Талдау нәтижесі</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:**

Мектеп-гимназияның тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілуі жоспарланған.

Мектептің 2021-2022 оқу жылын 32 сынып комплектісінде (583 оқушы) тәрбиеленуде. Тамыз айында барлық сыныптарға сынып жетекшілері бекітіліп, олардың жылдық жоспарлары бекітілген.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы бойынша іс-шаралар жоспары жасалынып, түзілген жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда. Мектеп әкімшілігімен келісе отырып, ақпараттық насихаттау тобы құрылып, жұмыс кестесі бекітілген. Қыркүйек айында «Менің мектебім- «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында» тақырыбында логотипі мен арнайы стенділер орналастырылып, әр сынып бойынша бұрыштар ұйымдастырылған.

Мектепте Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында батырлар жырын жатқа айту бойынша «QazEpos» қоры жүлдесіне арналған «Жақсылар, дастан айтайын...» атты жас жыршылар байқауының аудандық кезеңі өткізіліп, байқауда Орынбасар Ерболат ІІ орын иеленіп, облыстық кезеңде І орын алып марапатталған.

2021-2022 оқу жылында тәрбиенің негізгі басымдығы Елбасы, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында 2019-2024 жылдарға арналған 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыру барысында тәрбие саласы бойынша мына төмендегідей жұмыстар атқарылған.

1. **Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бойыша атқарылған жұмыс жоспары**

. Тәрбие сағаттары Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатында және ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл мерекесі мен атаулы күндерге лайықталып бөлінген.

1 қыркүйек күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты алғашқы білім сабақтары «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында өткізілген.

Оқу жылының басында мектеп кітапханашыларына осы оқу жылында болатын атаулы күндер мен ақын жазушылардың мерейлі жастарына сай көрме мен бұрыштар ұйымдастыру жұмыстары жүктеліп, ол оқу жылы барысында орындалған. «Желтоқсан-86 көтерілісіне 35 жыл» толуына орай, «Ешқашан, ешкімде ұмытылмайды!» тақырыбында кітап оқу байқауын өткізілген.

Қазан айында Ұлы дала мұрагерлері атты өлкетану білімін насихаттау мақсатында тарих ПӘБ мүшелері танымдық сабақтар мен мұражайға саяхат ұйымдастырылған. Қазан айында мектеп тәлімгері А.Бекжанов жылдық жоспарға сай «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» атты іс-шара өткізді. Кеш барысында өмірлік мәні бар тәрбиелік әңгімелер айтылған.

Мектептегі тарих пән әдістемелік бірлестік мүшелері мен өзін – өзі басқару ұйымы мүшелері және «Эрудит» зияткерлік клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен 8-11-сынып аралығында «Өзге елде ұлтан болғанша...» атты пікірталас сайысы өткізілген.

Қараша айында «Батырлар рухына әрқашан бас иеміз!» 7 сынып оқушыларымен «Желтоқсан-86 көтерілісіне 35 жыл»толуына орай лекциялар ұйымдастырылған.

Тәуелсіз еліміздің тарихында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай «1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті!» атты іс –шара жоспары жасалынған. Мектеп кітапханасында «1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні» мерекесіне арналған бұрыш ұйымдастырылған. Үйірме жетекшісі Тымабаева Әселдің жетекшілік етуімен Елбасының сөзіне жазылған өлеңдер мен «Мен Елбасымен мақтанамын» тақырыбында патриоттық әндер байқауын өткізілген. Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев барлық қазақстандықтарға жолдаған «Қазақстан – 2050» бағдарламасында халықтың салауатты өмір сүруіне спорттың бірден – бір пайдасының зор екендігін атап өткен. Салауатты өмір салты мен бұқаралық спортты дамыту бұл өз денсаулығыңды сақтауға және нығайтуға бағытталған жұмыстардың жиынтығы. Соның дәлелі ретінде 8-11 сынып оқушылары арасында волейбол мен баскетболдан жарыстар ұйымдастырылған. Жарыс нәтижесінде волейболдан 9 А сынып оқушылары І орын, 9 Б сынып ІІ орын, 9 Ә сынып ІІІ орын. Баскетбол жарысында 11 а сынып І орын, 9 ә сынып ІІ орын, 10 ә сынып ІІІ орынмен марапатталған.

5-11 сынып оқушылары арасында «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы», «Біздің сүйікті - Елбасы», «Ұлты ұлықтаған, Ұлы тұлға», «Менің тұңғыш Президентім!» және «Тұңғыш Президент – ұлт көшбасшысы» атты шығармалар және 9 сыныптар арасында «Елі еріне, ері еліне сенген ұлы тұлға» атты эссе байқауын байқауын қазақ тілі пән мұғалімі Палуанова Аманкүл ұйымдастырылған.

Мектебіміздің тәлімгері Ақжан Бекжановтың ұйымдастыруымен «1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті» күніне орай «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырып, Елбасының өмірі мен қызметі жайлы оқушыларға бейнеролик көрсетіп, өмір тарихымен толықтырылған.

Желтоқсан айында ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл мерекесі қарсаңында «Жақсылық – адамгершілікке бастайды» атты тәрбие сағаты 7 А сыныбы оқушылары және мектеп кітапханашылары Ш.Мелдебекова мен С.Баженовалардың ұйымдастыруымен өткізілген.

Қаңтар айында 9 Ә сыныбы (сынып жетекшісі Б.Сұлтанов) оқушыларымен «Заң және заман» атты дөңгелек стол өтті. 9 А сыныбында мектебіміздің «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні мұғалімі А.Оразбаевтың ұйымдастыруымен «Дін – тәрбие діңгегі» атты пікірсайыс сабағы өткізілген.

Ақпан айында қосымша білім беру педагогы Г.Татимованың ұйымдастыруымен 11 сынып оқушыларына «Қазақтың Ақселеуі» атты дөңгелек стол өткізілген.

Наурыз айында мектептің әлеуметтік педагогы Л.Рысбекова «1 наурыз – Алғыс айту күні» мен «Амал» мерекесіне орай, «Алғыс айтамын...» қайырымдылық акциясын өткізді. 19 наурыз күні «Армысың, Әз-Наурыз» атты іс-шара өткізілген.

Сәуір айында 7 сынып жетекшілері сынып сағаттарында «Отбасы тәрбиесіндегі мәдени құндылықтар» атты әңгімелесу сағаттарын өткізілген.

2021-2022 оқу жылындағы мерейтойларға лайықталып, «Ы.Алтынсарин – 180 жыл», «А.Байтұрсынұлы - 150 ж», «Ж.Жабаев – 175 ж», «Дина Нұрпейісова – 160», «М.Мақатаев – 90», «Ә.Бөкейханов – 155 ж», «А.Сейдімбек – 80 ж», «Желтоқсан-86 көтерілісіне 35 жыл», «Тәуелсіздік – тұғырым!» мағынасында ашық тәрбие сағаттары өткізілген.

**2.Рухани-танымдық тәрбие бойынша атқарылатын жұмыс жоспары**

2021 жылы 1 қыркүйек Білім күніне байланысты Тәрбие сағаттары Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың

«Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатында және ҚР Тәуелсіздігіне 30 жылмерекесі мен атаулы күндерге лайықталып бөлінген.

1 қыркүйек күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты алғашқы білім сабақтары «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында өтілген.

Қазан айында Ұлы дала мұрагерлері атты өлкетану білімін насихаттау мақсатында тарих ПӘБ мүшелері танымдық сабақтар мен мұражайға саяхат ұйымдастырылған. Қазан айында мектеп тәлімгері А.Бекжанов жылдық жоспарға сай «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» атты іс-шара өткізген. Кеш барысында өмірлік мәні бар тәрбиелік әңгімелер айтылған.

Қараша айында тәрбие жоспарына сай 3 сыныптарда «Татулық – достықтың киелі бесігі» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілген.

Желтоқсан айында «Үлкенге-құрмет, кішіге-ізет» атты 9 сыныптарда сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен Желтоқсан – 86 құрбандарының ерлігі мен өмірін насихаттайтын дөңгелек столдар өткізілген.

Қаңтар айында 6 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ұрпақтар сабақтастығы дәстүр жалғастығы» атты дөңгелек столдар 10 сынып оқушыларымен ұйымдастырылған. Жоғарыда аталған дөңгелек столдарға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ж.Елшібаев пен Б.Айтбаев қатысқан.

Ақпан айының 1-10 аралығында «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, онда оқушылар үйден пісірген тәттілерін дастарханға қойып, одан түскен қаржыны замандас құрбы- құрдастарының кем – кетігін түгендеу, әрі оқушыларды еңбекқорлық пен бауырмашылыққа тәрбиелеу мақсатында жұмсалған.

Ақпан айында қазақ тілі мен әдебиеті ПӘБ мүшелерінің ұйымдастыруымен қазақтың ұлы ақыны, М.Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Қара өлеңнің Хантәңірі» атты 8-9 сынып оқушылары арасында шығармашылық жұмыстар өткізілген.

Наурыз айында қосымша білім беру педагогтары Г.Татимова 5 сынып оқушыларымен «Ә.Бөкейханов – 155 ж» арналған музейге саяхатсабағын өтсе, Ә.Тымабаева мен Р.Ауелбековтардың ұйымдастыруымен«Ж.Жабаев – 175 ж», «Дина Нұрпейісова – 160» мерейтойларына арналған іс-шаралараясында әдеби сазды кеш өткізілген.

Сәуір айында мектеп педагог – психологтары Л.Ормантаева мен Б.Ауғанованың ұйымдластыруымен «Адамгершілікке бастар жол» атты психологиялық тренинг өткен. Оған оқушылар мен ұстаздар қатыстырылған.

**3. Ұлттық тәрбие бойынша атқарылатын жұмыс жоспары**

Қыркүйек айында тәрбиенің жылдық жоспарына сай Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатында, 5 қыркүйек Тілдер мерекесіне орай және «Ы.Алтынсарин – 180 жыл», «А.Байтұрсынұлы - 150 ж» мерейтойлары аясында А.Палуанова, Ә.Қопабаев, Г.Қопабаевалардың қатысуымен «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» тақырыбында апталықтар ұйымдастырылған.

2021 жылы 5 қыркүйек Тілдер күні мерекесіне орай қазақ тілі пәні бірлестігімен бірлесіп «Мемлекеттік тіл-барлық халықты біріктіретін тіл» атты апталық іс-шара өткізілген. Апталық аясында «Ұлттық тіл-мәдениеттің» тақырыбында көрме және «Туған тілім-тірлігімнің айғағы» тақырыбында шығырмашылық эссе жазу жұмыстары жүргізілген.Сонымен қатар дөңгелек үстел ,мұғалімдердің шығармашылық біліктіліктері бойынша ашық сабақтар және зияткерлік білім сайысы өткізілген.

Қазан айында тарих пәні мұғалімі Ж.Елшібаев пен Г.Рахимованың ұйымдастыруымен 9 сыныптар арасында«Ә.Бөкейханов – 155 ж»мерейтойының аясында «Ел тарихын тұлғалар жасайды» атты пікірталас сабақтары өткізілген.

1 қазан «Карттар күні» мерекесіне орай «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, ұлттық құндылықтарды ұлықтау мақсатында «Парасатты арулар мен ержүрек азаматтар» атты 9-10 сыныптар арасында жарыс өткізілген. Осы мерекеге орай Ж.Күзенбаевтың ұйымдастыруымен «Ата – әже - байлығым» атты жас суретшілер байқауы өткізілген. **Қарттар күні»** мерекесінеорай дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Спорт – денсаулық кепілі» атты жеңіл атлетикадан 9-11 сыныптар

арасында жарыс өткізілген.

Кітапханашы Ш.Мелдебекова және С.Баженовалардың жетекшілігімен 1.10.2021 ж «Шежіре сыр шертеді» тақырыбында ата-бабалар мұрасын зерттеуге арналған еңбектер мен кітаптар көрмесі ұйымдастырылған. Онда оқушылар бабалар мұрасымен кеңірек танысып, танымдық қабілеттерін нығайтқан.

Қараша айында мектеп тәлімгері А.Бекжановтың ұйымдастыруымен ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың туғанына 175жыл толуына орай, «Жамбыл әндері» тақырыбында әдеби шығармашылық кеші өткізілген.

Қараша айында «Өнерім – өмір айнасы» атты ақиық ақын, белгілі композитор Ы.Шералиевпен мектеп оқушыларымен кездесуі өткізілген. Кешті ДТІЖО Ж.Елшібаев жүргізген.

Желтоқсан айында 5 сыныптар арасында «Менің Отаным - Қазақстан» сайыс сабақтары өткізілген. «Ә.Бөкейханов – 155 ж», «А.Сейдімбек – 80 ж» мерейтойы аясында оқушыларға олардың өмірі мен шығармашылығы жайлы таным сағаттары өткізілдген.

Қаңтар айында Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлттық қызметіне «Ынтымақты ел – күн шуақ» атты тәрбие сағаты өткізілген.

Ақпан айында МДТІЖО Ж.Елшібаев пен Б.Айтбаев «Басты мақсат – бала қиялын ұштау» атты ата – аналармен кеңес сағаттары өткізілген.

Наурыз айында «Өз жеріңді таны» атты сурет байқауы Ж.Күзенбаевтың ұйымдастыруымен 3-4 сынып оқушылары арасында өткізілген.

Сәуір айында қосымша білім беру педагогы Г.Татимова «Мектеп тарих тұңғиығында» атты өлкетану мұражайына саяхат ұйымдастырылған.

**4.Отбасылық тәрбиесі бойынша атқарылатын жұмыс жоспары**

Қыркүйек айында оқу жылының бастамасы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатында

1 қыркүйек Білім күніне орай «Армысың, білім ордасы!» атты салтанатты жиыны өтіп, алғашқы білім сабағы: «Саналы ұрпақ, жарқын болашақ» атты тақырыпта өткізілген. «Отбасы – шағын мемлекет» отбасы күніне орай, эстафеталық жарыстары дене шынықтыру ПӘБ мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өткізілген. 2021 жылы 1 қыркүйек Білім күніне байланысты Тәрбие сағаттары Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатында және ҚР Тәуелсіздігіне 30 жылмерекесі мен атаулы күндерге лайықталып бөлінген.

1 қыркүйек күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты алғашқы білім сабақтары «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында өткізілген.

Қазан айында «Кемел келешек кілті- білімде», «Алдымен сүй, ардақта ата анаңды» атты тәрбие сағаттары 5-8 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен өткізілген.

Қараша айында Б.Жүсіповтың және Ж:Күзенбаевтың басшылығымен 5-6 сынып оқушылары арасында «Шаңырағым - шаттығым» атты сурет байқау өткізілген.

Желтоқсан айында мектебіміздің қосымша білім беру педагогы Э.Молдабекова мен Н.Елшібаеваның ұйымдастыруымен 4-5 сынып оқушыларына «Менің Қазақстаным – менің болашағым» атты дөңгелек стол өткізілген.

Қаңтар айында ұлт ұстазы «Ә.Бөкейханов – 155 ж» мерейтойы аясында мектеп тәлімгері А.Бекжановтың ұйымдастыруымен өнерлі 6 сынып оқушыларының «Мәуелі бәйтерек» атты сахналық қойылымы өткізілген.

Ақпан айында педагог-психологтар Ш.Мырзалиева мен Б.Ауғанова 9 сынып оқушыларымен «Ойнап сөйлесең де , ойлап сөйле» атты пікірталас өткізген.

Наурыз айында мектеп директоры А.Күзенбаев 9 сынып оқушыларымен «Отбасы – аялы алақан мекені» атты дөңгелек стол өткізген.

Сәуір айында мектеп кітапханашылары Ш:Мелдебекова мен С.Баженова тәрбиенің жылдық жоспарына сай «Халықтық дәстүр және отбасы» атты кітап көрмесін өткізген.

**5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бойынша атқарылатын жұмыс жоспары**

| | |
|---|---|
| | Қыркүйек айында Көркем еңбек ПӘБ жетекшісі Б.Жүсіпов 5-6 сыныптарға «Еңбек сыры неде?» атты әңгімелесу кешін ұйымдастырылған. Экологиялық тәрбие бағыты бойынша жыл басында «Тазалықты сақтайық» атты мұғалімдер арасында сенбіліктер ұйымдастырылылған.<br>Қазан айында мектеп кітапханашылары Ш.Мелдебекова мен С.Баженова тәрбиенің жылдық жоспарына сай МАД топтары арасында «Менің Қазақстаным – менің болашағым» атты кітап көрмесі өткізілген<br>Қараша айында 9-11 сынып оқушыларына ДТІЖО Ж.Елшібаев экономика негіздері, қаржы-шаруашылық қызметтері туралы, еңбекті қорғау заңнамалары мен таныстыру сабақтары өткізілген.<br>Желтоқсан айында 2 сыныптар арасында «Табиғатты аялайық, туған жерді бағалайық!» атты сахналық қойылы өткізілген.<br>Қаңтар айында 9 сынып оқушыларының қатысуымен «Еңбек ер атандырады» атты К.Шалмен кездесу өткізілген.<br>Ақпан айында көркем еңбек пәні мұғалімі Н.Қожамқұлова 7 сыныптар арасында кесте тоқу, тағам әзірлеу бойынша сайыс сабақ өткізілген.<br>Наурыз айында 9-11 сынып оқушылары мен сынып жетекшілерінің қатысуымен «Менің ағашым» атты акция ұйымдастырылған.<br>**6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бойынша атқарылатын жұмыс жоспары**<br>Қыркүйек айында Тілдер мерекесіне орай «Жамбыл – дана, Жамбыл – дара қазақта» атты салтанатты іс-шарасы өтті. Бұл іс-шараға мектеп басшылығы мен ұстаздар, оқушылар қатысты.<br>Қазан айында «Қазіргі заманға сай болу дегеніміз не?» атты 5-7 сынып оқушылары арасында әңгіме, түсіндіру жұмыстары жүргізілген.<br>Қараша айында «Өзіңді тану – өмірді тану» атты өзін – өзі тану пәні мұғалімі Д.Нағызбекова 10 сынып оқушыларымен тәрбие сағатын өткізген.<br>Желтоқсан айында «Бала бойындағы жағымсыз қылықтың себебі» атты 4 сынып оқушыларымен әңгімелесу, диспут сабағы өткізілген.<br>Қаңтар айында «Ата-ананы қадірлеу - парыз» атты 9 сынып оқушылары сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен тәрбие сағаттары өткізілген.<br>Ақпан айында тәрбиенің жылдық жоспарына сай 9 сыныптар арасында мектеп тәлімгері А.Бекжановтың ұйымдастыруымен «Ата Заңым - Айбыным» пікірталас сағаттары 8-10 сынып оқушыларымен өткізілген.<br>Наурыз айында А.Төлегенова мен қазақ тілі мен әдебиеті ПӘБ мүшелері, және сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Хантәңірінің мұзбалағы» атты М.Мақатаевтың 90 жылдық мерей тойына орай шығармашылық кеш өткізген.<br>Сәуір айында педагог-психологтар Ш.Мырзалиева мен Б.Ауғанова 9-11 сынып оқушыларына «Танымдық әлеміне зерттеу жасай білесің бе?» атты тренинг сабақтарын өткізген.<br>**7. Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие бағыты бойынша атқарылатын жұмыс жоспары**<br>Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие бағыты бойынша қыркүйек айында «Мектеп ережесін құрметтейік» атты 1-11 сынып аралығында сынып сағаттары өткізілген.<br>Қазан айында педагог-психологтар Ш.Мырзалиева мен Б.Ауғанова 9-11 сынып оқушыларымен «Менің бәсекелестік қабілетім» атты тренинг сағаттары өткізілген.<br>Қараша айында «Ізгілік – адамгешіліктің белгісі» атты тәрбие сағаттары өткізілген.<br>Желтоқсан айында мектеп тәлімгері А.Бекжанов жылдық жоспарға сай 9 сыныптарға«Дина Нұрпейісова – 160» мерейтойы аясында «Өнерін сыйлаған өрге шығар» атты дөңгелек стол өткізілген.<br>Қаңтар айында «Жыр алыбы - Жамбыл», «Ж.Жабаев шығармалары – ұрпақ аузында» 7-11 сынып атты байқау өткізілген.<br>Ақпан айында мектеп кітапханашылары Ш.Мелдебекова мен С.Баженова тәрбиенің жылдық жоспарына сай «Өнерлінің өрісі кең» атты 5 сынып оқушыларымен кітапханаға |

| | |
|---|---|
| | саяхат өткізілген.<br>Ақпан айында мектеп кітапханашылары Ш.Мелдебекова мен С.Баженова тәрбиенің жылдық жоспарына сайМ.Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына орай «Бүгін менің туған күнім, ой пәлі-ай» атты кітап көрмесі өткізілген.<br>Наурыз айында тәрбиенің жылдық жоспарына сай 5 сынып оқушылары мен олардың жетекшілері арасында «Ұлт тағылымы – менің өмірімде» атты тәрбие сағаттары өткізілген.<br>Сәуір айында мектеп тәлімгері А.Бекжанов пен сынып жетекшілері «Менің қызығушылық әлемім» атты тәрбие сабақтарын өткізген.<br>**8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бойынша атқарылатын жұмыс жоспары**<br>Қыркүйек айында дене шынықтыру және АӘД ДӘБ мүшелері салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Спорт – денсаулық кепілі!» спорттық сайыс өткізілген.<br>Қазан-сәуір айларында мектеп медбикесі Ж.Темірәлиева «Салауатты өмір сүру дегеніміз?..» атты дәріс сабақтары өткізілген. Мектеп медбикесі Ж.Темірәлиева, әлеуметтік педагог Л.Рысбекова және сынып жетекшілері «Салауатты өмір салтын сақтау – болашақты жақтау» , «Ішімдік ішу – өзінді - өзің құрту», «Никотин және спорт», «ЖҚТБ ауруынан қорғанудың жолы – салауатты өмір салтын қолдау» атты сынып сағаттарында лекция өткізіп, диктант алған.<br>Желтоқсан айында 7 сынып оқушыларымен МДТІЖО Ж.Елшібаев пен Б.Айтбаев «Зиянды әдеттерден жиренейік» атты дөңгелек үстел өткізген.<br>Қаңтар айында мектеп оқушыларына салауатты өмір салты бойынша 8-9 сынып оқушыларымен «Маскүнемдік пен нашақорлық әлеуметтік зардабы мен оны жеңу жолдары» атты рефераттар, буклеттер сайысы өткізілген.<br>Ақпан айында мектеп медбикесі Ж.Темірәлиева 7 сынып оқушыларынан «Денім сау болсын десең» атты диктант алған.<br>Наурыз айында дене шынықтыру және АӘД ДӘБ мүшелері салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 5 сыныптар арасында «Шынықсаң шымыр боласың» сыныпаралық сайыс сабақ өткізген.<br>Сәуір айында педагог-психологтар Л.Ормантаева мен Б.Ауғанова 9 сынып оқушыларымен «Денсаулықты сақтау – баршаның міндеті» атты тренинг өткізген. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ: ЖОБ МЖМБС** 2-қосымшасының 7- тармағына, 3 – қосымшаның 15-тармағына, 4-қосымшаның 16-тармақ талаптарына сәйкес келеді. |
| 5) | **Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастырылуы** ***(Бағаланатын кезеңге қосымша сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері)***<br>**Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:**<br>Мектеп – гимназияның ұсынған қорытындысы бойынша білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттер ұйымдастырылған.сыныптан тыс және вариативтік таңдау пәндерәнен берілген пәнерді оқыту барысында оқушылардың жеткен детістіктері бар. Үйірмелердің барлық жетекшілері оқу жылының басында жылдық жоспар мен іс-шаралар жоспарын жасайды және бекітеді және тақырыптық жоспар бойынша жұмыс жүргізілген. |

| | |
|---|---|
| | 2018-2019 оқу жылында мектебімізде қосымша білім беру педагогтары «Халық әні мен терме»-15 оқушы, «Мектеп үні»-15 оқушы, «Әсем саз»-17 оқушы», «Шебер қолдар » -15 оқушы және «Полиглот» - 10 оқушы, «Экосақшылар» - 17 оқушы, «Жасыл әлем» - 15 оқушы, «Драма» - 20 оқушы, «Химия әлемі» - 20 оқушы, «Выразительное чтение» - 15 оқушы, «Қол өнер» - 10 оқушы, «Жас тілшілер» -18 оқушы, «Жас тарихшы » - 11 оқушы, «Филолог» - 15 оқушы, «Зерде» - 15 оқушы, «Жас математик» - 15 оқушы, «Зерде, Таным, Ақихат» - 15 оқушы, «Happy Englisx» - 20 оқушы, «Қазақша күрес» - 20 оқушы, «Тоғызқұмалақ» - 10 оқушы, «Футбол» - 24 оқушы, «Шахмат» - 15 оқушы, «Үстел теннисі» - 10 оқушы, «Волейбол қыздар» - 12 оқушы, «Волейбол ұлдар» 13 оқушы, «Баскетбол ұлдар» - 13 оқушы, «Баскетбол қыздар» - 12 оқушы, «Дойбы» - 15 оқушы, «Жеңіл атлетика» - 16 оқушы пәндік үйірмелер жұмыс жасаған. Жалпы үйірмеге қамтылған оқушылар саны -438<br><br>2019-2020 оқу жылында мектебімізде қосымша білім беру педагогтары «Әсем әуен»-15 оқушы, «Шаттық» - 15 оқушы, «Әсем саз»-15 оқушы», «Сиқырлы моншақ » -15, «Топжарған» - 20 оқушы, «Өлкетану» - 15 оқушы, «Баскетбол әуесқойлары» - 15 «Жатар футболы» - 15оқушы, «Мектеп үні» - 15 оқушы және «Полиглот» - 10 оқушы, «Экосақшылар» - 15 оқушы, «Жасыл әлем» - 15 оқушы, «Драма» - 20 оқушы, «Химия әлемі» - 20 оқушы, «Выразительное чтение» - 15 оқушы, «Қол өнер» - 15 оқушы, «Жас тілшілер» -20 оқушы, «Жас тарихшы » - 15 оқушы, «Филолог» - 15 оқушы, «Зерде» - 15 оқушы, «Жас математик» - 15 оқушы, «Зерде, Таным, Ақихат» - 15 оқушы, «Happy Englisx» - 20 оқушы, «Жас физик» - 15 оқушы, «Қазақша күрес» - 10 оқушы, «Тоғызқұмалақ» - 13 оқушы, «Футбол» - 20 оқушы, «Шахмат» - 10 оқушы, «Үстел теннисі» - 10 оқушы, «Волейбол қыздар» - 12 оқушы, «Волейбол ұлдар» 13 оқушы, «Баскетбол ұлдар» - 15 оқушы, «Баскетбол қыздар» - 12 оқушы, «Дойбы» - 10 оқушы, «Жеңіл атлетика» - 11 пәндік үйірмелер жұмыс жасаған. Жалпы үйірмеге қамтылған оқушылар саны -483.<br><br>2020-2021 оқу жылында мектебімізде қосымша білім беру педагогтары «Әсем әуен»-15 оқушы, «Мектеп үні»-15 оқушы, «Әсем саз»-15 оқушы», «Сиқырлы моншақ » -15, «Топжарған» - 15 оқушы, «Өлкетану» - 15 оқушы, «Баскетбол әуесқойлары» - 15 оқушы, «Теңбіл доп» - 15 оқушы, «Шаттық би» - 15 оқушы және «Полиглот» - 10 оқушы, «Экосақшылар» - 15 оқушы, «Жасыл әлем» - 15 оқушы, «Драма» - 20 оқушы, «Химия әлемі» - 20 оқушы, «Выразительное чтение» - 15 оқушы, «Қол өнер» - 15 оқушы, «Жас тілшілер» -20 оқушы, «Жас тарихшы » - 15 оқушы, «Филолог» - 15 оқушы, «Зерде» - 15 оқушы, «Жас математик» - 15 оқушы, «Зерде, Таным, Ақихат» - 15 оқушы, «Happy Englisx» - 20 оқушы, «Жас физик» - 15 оқушы, «Қазақша күрес» - 10 оқушы, «Тоғызқұмалақ» - 13 оқушы, «Футбол» - 15оқушы, «Шахмат» - 10 оқушы, «Үстел теннисі» - 10 оқушы, «Волейбол қыздар» - 12 оқушы, «Волейбол ұлдар» 13 оқушы, «Баскетбол ұлдар» - 15 оқушы, «Баскетбол қыздар» - 12 оқушы, «Жеңіл атлетика» - 11 пәндік үйірмелер жұмыс жасаған. Жалпы үйірмеге қамтылған оқушылар саны -516.<br><br>2021-2022 оқу жылында мектебімізде қосымша білім беру педагогтары «Әсем әуен»-15 оқушы, «Мектеп үні»-15 оқушы, «Әсем саз»-15 оқушы», «Асық ату » -15оқушы, «Топжарған» - 18 оқушы, «Өлкетану» - 15 оқушы, «Баскетбол әуесқойлары» - 15 оқушы, «Теңбіл доп» - 15 оқушы, «Шаттық би» - 15 оқушы, «Көркем сөз» - 15 оқушы және «Полиглот» - 10 оқушы, «Экосақшылар» - 13 оқушы, «Жасыл әлем» - 15 оқушы, «Драма» - 15 оқушы, «Химия әлемі» - 15 оқушы, «Выразительное чтение» - 14 оқушы, «Қол өнер» - 15 оқушы, «Жас тілшілер» -15 оқушы, «Жас тарихшы » - 12 оқушы, «Филолог» - 15 оқушы, «Зерде» - 13 оқушы, «Жас |

математик» - 14 оқушы, «Зерде, Таным, Ақихат» - 15 оқушы, «Happy Englisx» - 20 оқушы, «Жас физик» - 14 оқушы, «Қазақша күрес» - 10 оқушы, «Зерек» тоғызқұмалақ - 12 оқушы, «Футбол» - 15оқушы, «Дарын» шахмат - 10 оқушы, «Үстел теннисі» - 10 оқушы, «Волейбол қыздар» - 10 оқушы, «Волейбол ұлдар» 12 оқушы, «Баскетбол ұлдар» - 15 оқушы, «Баскетбол қыздар» - 12 оқушы, «Жүйрік» жеңіл атлетика – 15 оқушы, «Бес асық» - 11 оқушы, «Парасат» дойбы – 15 оқушы, «Қара белбеу» күрес – 13 оқушы, «Шымыр» үстел теннисі – 14 оқушы пәндік үйірмелер жұмыс жасаған. Жалпы үйірмеге қамтылған оқушылар саны -542.

Оқушылар арасында салауатты өмірді қалыптастыруға байланысты оқушылар арасында өткен халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық көлеміндегі іс-шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған, ол сайтқа қойылған оқушылардың марапат қағаздарымен расталады.

**Қ.Сәтбаев атындағы мектеп -гимназия оқушыларының 2017-2022 жылдардағы жетістіктері қаралды. Зияткерлік сайыстарға, олимпиадаларға қатысуы**

| Оқу жылы | республикалық | облыстық | аудандық | жалпы |
|---|---|---|---|---|
| 2017-2018 | 18 | 15 | 8 | 41 |
| 2018-2019 | 36 | 13 | 9 | 58 |
| 2019-2020 | 21 | 6 | 2 | 29 |
| 2020-2021 | 42 | 1 | 18 | 61 |
| 2021-2022 | 21 | 4 | 9 | 34 |
| **Жалпы** | **138** | **39** | **46** | **223** |

**Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия оқушыларының 2017-2022 жылдардағы жетістіктері қаралды. Шығармашылық байқауларға, спорттық жарыстарға т.б. қатысуы**

| Оқу жылы | республикалық | облыстық | аудандық | жалпы |
|---|---|---|---|---|
| 2017-2018 | | 1 | 4 | 5 |
| 2018-2019 | 6 | 16 | 23 | 45 |
| 2019-2020 | 6 | 15 | 15 | 36 |
| 2020-2021 | | 10 | 11 | 21 |
| 2021-2022 | 1 | 23 | 36 | 60 |
| **Жалпы** | **13** | **65** | **89** | **167** |

Мектеп-гимназияның сайт парақшасында әр бірлестік бойынша пән мұғалімдерінің жетістіктері мен сертификаттары жарияланған.

Мектеп-гимназияда 2021-2022 оқу жылында 1-11-сынып аралығында 583 оқушы мектеп есебіне енген

1 тармақтың 1.3 тармақшасы бойынша «Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері» бойынша жалпы білім алушылар контингентінен 5,8 % - ды құрды, демек, «**zhaqsy**» бағамен бағаланады.

1 тармақтың 1.4 тармақшасы бойынша «Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері» бойынша жалпы білім алушылар санынан 10,2 % - ды құрды, демек, «**zhaqsy**» бағамен бағаланады.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** ЖОБ МЖМББС 2-қосымшасының 5- тармағы, 3-қосымшасының 10, 12, 16- тармақтары, 4-қосымшасының 17- тармақ талаптарына сәйкес келеді.

| | |
|---|---|
| | |
| **6)** | **Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асырылуы** (***білім беру ұйымының басшысымен әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелерінің көшірмелері, жалпы білім беру бағдарламалары, оның ішінде бейінді оқыту бағыттары бойынша іске асырылатын міндетті оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар,теориялық және практикалық сабақтардың сынып журналдары т. б.)***<br>**<u>Талдау нәтижелері</u>:**<br>Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:<br>Бағаланатын кезеңге мектептің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және мемлдекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына негізделіп құрылған оқу жұмыс жоспарында, сабақ кестелерінде, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда, сынып журналдарында міндетті оқу пәгдері мен таңдау бойынша бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізнде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқыту жүзеге асырылған. Педагогикалық кеңес хаттамаларының көшірмесінде бейінді оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылатынын көрсеткен.<br>Міндетті оқу пәндерін оқумен қатар 2020-2021 оқу жылында білім алушылардың оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлерінде бейіндік оқу пәндерін таңдауы қарастырылған. Бейінді оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты оқытудың екі деңгейінде оқу пәндерін таңдаудың икемді жүйесіне сәйкес, білім алушы қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдаған.<br>2021-2022 оқу жылындағы бекітілген жұмыс оқу жоспары бойынша оқу пәндері мен таңдау бойынша бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытуды жүзеге асырылған.<br>Мектептің педагогикалық кеңес шешімі бойынша ҮОЖ-ның 99, 100-қосымшасымен жоспарланып өту қабылданған.<br>Мектеп-гимназиясы 2020-2021 оқу жылында КГБ 10-сыныпта тереңдетілген деңгейде дүние жүзі тарихы мен география пәнін, стандартты деңгейде физика, биология пәндері таңдалған. Анықталған кемщшіліктерді жою мақсатында, 2021-2022 оқу жылында 10-сыныпта өтілмеген «Құқық негіздері» пәнінен 1 сағат, химия пәнінен 1 сағат, кәсіпкерлік және бизнес негіздері 1 сағат вариативтік компоненттен берілген. Мектептің жұмыс оқу жоспарында 2020-2021 оқу жылында ЖМБ 10-сыныпта тереңдетілген деңгейде физика, химия пәндері, стандарттық деңгейде кәсіпкерлік және бизнес негіздері және ой толғау пәндері таңдалған. 2021-2022 оқу 11-сыныпта 10-сыныптың оқу бағдарламасын меңгермеген оқушыларға биология, география пәндеріне 2 сағат, дүние жүзі тарихы -1 сағат, құқық негіздері 1 сағат қосымша вариативтік компоненттен өту қарастырылған. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ**: **ЖОБ МЖМБС** 4-қосымшасының 9, 14- тармақтарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 бұйрығымен бектілігеи «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу |

| | |
|---|---|
| | бағдарламаларының» 626, 629-637тармақ талаптарына сәйкес келеді. |
| 7) | **Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастырылуы.**<br>**<u>Талдау нәтижелері</u>**: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:<br>Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде мектеп-гимназиясында 2019-2020 оқу жылында 8 оқушы, 2020-2021 оқу жылында 7 оқушы, 2021-2022 оқу жылында 8 оқушы денсаулықтарына байланысты үйде оқыту қарастырылған. Даму бұзушылықтарын түзету және әлеумсеттік бейімделуі үшін қажетті жағдайлардың жасалуын растайтын құжаттары жинақталған, балалармен жүргізетін жеке жұмыс жоспары құрылған. Үйде оқыту туралы бұйрық шығарылған, сағаттар балалардың диагнозына қарай дұрыс бөлінген, апталық оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес жоспарланған.<br>Даму бұзушылықтарын түзету және әлеумсеттік бейімделуі үшін қажетті жағдайлардың жасалуын растайтын құжаттары жинақталған, балалармен жүргізетін жеке жұмыс жоспары құрылған. Үйде оқыту туралы бұйрық шығарылған, сағаттар балалардың диагнозына қарай дкрыс бөлінген, апталық оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес.<br>2021-2022 оқу жылында мектепте көмекші және жалпы мектеп бағдарламасы бойынша жеңіл, орташа ақыл ой кемістігімен үйде тегін білім алатын 3 оқушы бар. Олар:<br>1. Серікбай Нұрсұлтан 3 «Ә» сынып оқушысы (көмекші мектеп бағдарламасы) бойынш инвариантты компонент-8 сағат<br>2. Орынбек Жұбаныш 6 «Б» сынып оқушысы (көмекші мектеп бағдарламасы) бойынша инвариантты компонент-10 сағат<br>3. Тұрғанбек Муратәлі 7«Б» сынып оқушысы (жалпы орта мектеп бағдарламасы) бойынша инвариантты компонент-18 сағат.<br>Ескере кететтін бір мәселе: Тұрғанбек Мұратәлі есімді оқушының 2019,2020 және 2021 жылдары шыққан бұйрықтарының барлығында да үйден оқыту туралы бұйрықтан алдын үйден оқытуға мұғалімдерді бекіту туралы бұйрық бірінші шығып отырған. Қалған оқушылардың бұйрықтары реттілігі сақталған.<br>Мұғалімдер мен ата –аналар арасында балаларды түзете – тәрбиелеудің өзекті мәселелері талқыланған (ата-аналармен жұмыс хаттамасы қоса тіркелген). |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** ЖОББ МЖМББС 2-қосымша, 43- тармағына, 3-қосымша, 58- тармағына, 4-қосымша, 2- тармақ 8) тармақша талаптарына сәйкес келеді. |
| 8) | **ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асырылуы.**<br>**<u>Талдау нәтижелері</u>:**<br>Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында анықталғаны:<br>Білім беру ұйымының 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу |

| | |
|---|---|
| | жылдарына ұсынған жұмыс оқу жоспарының вариативтік компонент есебінен берілген факультативтер мен таңдау курстары үлгілік оқу жопарында көрсетілген вариативтік компонент сағаттарына сәйкес келеді.<br>Білім алушылардың вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарынан тұратын оқу жүктемесінің жалпы көоемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жыұмыс жоспарында белгіленген. Бағаланатын кезеңге бастауыш, негізгі орты және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына негізделіп құрылған оқу жұмыс жоспарында, сабақ кестелерінде, сынып журналдарында, күнтізбелік – тақырыптық жоспарларында вариативтік компоненттен оқыту жүзеге асырылған. Білім алушылардың вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарынан тұратын оқу жүктемесінің жалпы көоемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жыұмыс жоспарында белгіленген. Бағаланатын кезеңге бастауыш, негізгі орты және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына негізделіп құрылған оқу жұмыс жоспарында, сабақ кестелерінде, сынып журналдарында, күнтізбелік – тақырыптық жоспарларында вариативтік компоненттен оқыту жүзеге асырылған. 2018-2019 оқу жылында бастауыш сыныпта 1-2 сыныпта көркем жазу -1 сағат, логикалық ойлауды дамыту – 1 сағат, 3-4 сыныпта көркем жазу -1 сағат, логикалық ойлауды дамыту – 1 сағат, мәнерлеп оқу – 1 сағат. 5 аәб сыныпта мәнерлеп оқу -1 сағат, кәсіптік оқу – 1 сағат, робототехника – 1 сағат, 6 аәб сыныпта әдебиеттік оқу -1 сағат, мәнерлеп оқу – 1 сағат, кәсіптік оқу – 1 сағат, робототехника – 1 сағат. 7 аәб мәнерлеп оқу – 1 сағат, робототехника – 1 сағат. 8 аәб сыныпта мәнерлеп оқу – 1 сағат, кәсіптік оқу – 1 сағат, логикалық ойлау – 1 сағат. 9 а сыныпта Зайырлылық және дәнтану негіздері – 1 сағат, кәсіптік оқу – 1 сағат, шет тілі -1сағат,Абайтану – 1 сағат. 9 ә сыныпта Зайырлылық және дәнтану негіздері – 1 сағат, азаматтану – 1 сағат, кәсіптік оқу – 1 сағат, Абайтану – 1 сағат. жүзеге асырылған.<br>2019-2020 оқу жылында бастауыш сыныпта 1-2 сыныпта көркем жазу -1 сағат, логикалық ойлауды дамыту – 1 сағат, 3-4 сыныпта көркем жазу -1 сағат, логикалық ойлауды дамыту – 1 сағат, мәнерлеп оқу – 1 сағат. 5 аәб сыныпта қазақ тілі грамматикасы -1 сағат, кәсіптік оқу -1 сағат, робототехника – 1 сағат. 6 аәб сыныпта оқырмандықты дамыту – 1 сағат, қазақ тілі граматикасы -1 сағат, кәсіптік оқу -1 сағат, робототехника – 1 сағат. 7 аәб сыныпта қазақ тілі граматикасы -1 сағат, робототехника – 1 сағат. 8 аәб сыныпта қазақ тілі граматикасы -1 сағат, кәсіптік оқу -1 сағат, биология -1 сағат. 9 а сыныпта Зайырлылық және дәнтану негіздері – 1 сағат, кәсіптік оқу – 1 сағат, ағылшын тілі – 1 сағат, Абайтану – 1 сағат. 9 әб сыныпта Зайырлылық және дәнтану негіздері – 1 сағат, кәсіптік оқу – 1 сағат, биология – 1 сағат, Абайтану – 1 сағат бөлінсе;<br>2020-2021 оқу жылында бастауыш сыныптарда 1- 2 сыныпқа көркем жазу – 1 сағат, логикалық ойлауды дамыту – 1 сағат, 3-4 сыныпқа көркем жазу – 1 сағат, логикалық ойлауды дамыту – 1 сағат, мәнерлеп оқу -1 сағат. 5 аәбв сыныпқа қазақ тілі граматиксы – 1 сағат, кәсіптік оқыту – 1 сағат, робототехника |

| | |
|---|---|
| 9) | – 1 сағат. 6 аәб қазақ тілі граматиксы – 1 сағат, оқырмандықты дамыту -1 сағат, кәсіптік оқыту – 1 сағат, робототехника – 1 сағат.7 аәб сыныпта қазақ тілі граматиксы – 1 сағат, робототехника – 1 сағат. 8 аәб сыныпта қазақ тілі граматиксы – 1 сағат, кәсіптік оқыту – 1 сағат, биология -1 сағат. 9 а сыныпта Зайырлылық және дәнтану негіздері – 1 сағат, кәсіптік оқу – 1 сағат, ағылшын тілі -1 сағат, Абайтану – 1 сағат. 9 әб сыныпта Зайырлылық және дәнтану негіздері – 1 сағат, кәсіптік оқу – 1 сағат, биология – 1 сағат, Абайтану – 1 сағат.<br>2021-2022 оқу жылында бастауыш сыныптарда 2-4 сыныптар бойынша логика(математика) курсы -1 сағат, оқу жылының екінші жартыжылдығында ҚР білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 26 қаңтарындағы №25 бұйрығы, 1 қосымшасына сәйкес 4 сыныптарға «мәнерлеп оқу» (әдебиеттік оқу) курсынан -1 сағат көлемінде іске асырылды.<br>5 сыныптар бойынша парасаттылық және әдеп -1 сағат, робототехника – 1 сағат. 6 сыныптар бойынша экология -1 сағат, робототехника – 1 сағат, 7 сыныптар бойынша эмоционалды интелект және сыни ойлау – 1 сағат, кәсіптік оқу -1 сағат. 8 сыныптар бойынша медиасауаттылық – 1 сағат, кәсіптік оқу – 1 сағат. 9 сыныптар бойынша Зайырлылық және дәнтану негіздері – 1 сағат, Абайтану – 1 сағат. Оқу жылының екінші жартыжылдығында ҚР білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 26 қаңтарындағы №25 бұйрығы, 1 қосымшасына сәйкес вариативтегі 8 сыныптағы 1 сағат қысқартылған. 2021-2022 оқу жылында 10 сынып 1 қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша вариативті оқу жүктемесі 8 сағат құрады. Вариативтік бөліктен, Абайтану -1 сағат, АӘД -1 сағат, оқу сауаттылық -2сағат. Кәсіптік оқу-1сағат, Ой толғау (Эссе) -1 сағат, математикалық сауаттылық -1 сағат, Жаһандық құзыреттілік( кәсіпкерлік және бизнес) -1 сағат берілген. 10 сынып 1 жаратылыстану-математика бағыты бойынша вариативті оқу жүктемесі 4 сағатты құрған. Вариативтік бөліктен, Оқу сауаттылық -1 сағат, математикалық сауаттылық -1 сағат, АӘД -1 сағат. Жаһандық құзыреттілік( кәсіпкерлік және бизнес) -1 сағат берігені. 11 сынып 1 қоғамдық-гуманитарлық вариативті оқу жүктемесі 8 сағат құрады. Вариативтік бөліктен Абайтану -1 сағат, АӘД -1 сағат, оқу сауаттылық -2 сағат, Кәсіптік оқу – 1 сағат. Ой толғау (Эссе) – 1 сағат. Жаһандық құзыреттілік( кәсіпкерлік және бизнес) -1 сағат, математикалық сауаттылық -1 сағат берілді. |
| 10) | 11 сынып 1 жаратылыстану-математика инвариантты 4 сағат вариативті оқу жүктемесін құрады. Вариативтік бөліктен . Оқу сауаттылық -1 сағат, Информатика -1 сағат, АӘД -1 сағат. Жаһандық құзыреттілік( кәсіпкерлік және бизнес) -1 сағат берілген. Білім беру ұйымының жұмыс оқу жоспарындағы вариативтік компоненттен берілген факультативтік және таңдау курстарының пәндері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары" оқу бағдарламасына сәйкес өз дәрежесінде жүзеге асырылған. |

| | |
|---|---|
| | Осылайша, білім беру ұйымының жұмыс оқу жоспарындағы вариативтік компоненттен берілген факультативтік және таңдау курстарының пәндері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары" оқу бағдарламасына сәйкес өз дәрежесінде жүзеге асырылған.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ:** ЖОББ МЖМББС және "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес келеді. |
| **11)** | **"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсының оқытылуы.**<br>**<u>Талдау нәтижелері</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:**<br>Білім беру ұйымы ұсынған және электронды журналдан 1-4-сынып дүниетану пәніне, 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» пәніне, 10-11-сыныптарды АӘД пәніне кіріктіріліп өткен.<br>Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары толық 1-4-сыныптарда дүниетану, 5-9-сыныптарды дене шынықтыру пәндерінде кіріктіріліп жоспарланған.<br>Мектептің 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етілгендігі, оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3- |

| | |
|---|---|
| | сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырған.<br>"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылған, "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілгендігі анықталды.<br>Сондай-ақ "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылған. Күнделік.кз порталында 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында (ӨҚН) АӘД пәнінде көрсетіп белгілеген.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ:** ЖОБ МЖМББС 2-қосымша, 2-тарау 24-тармақ, 3-қосымша 4-тарау, 75-тармақ талапарына сәйкес келеді.<br><br>**"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асырылуы**<br>**<u>Талдау нәтижелері</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:**<br>Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес көрсетілген «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. Сонымен қатар, 5-8-сыныптарды сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі. Сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады. Мектеп – гимназияның ұсынған құжаттарын және электронды журналды сараптау барысында анықталғаны: мектеп-гимназияның сынып жетекшілерге арналған журналда барлық 1-8 сыныптар бойынша «Жолда жүру ережесіне» жеке бет арналып, тақырыпта өтіліп, жазылып көрсетілген. Стандарттың 25-тармағында көрсетілген «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағатты, 5-8-сыныптарда 10 сағатты сынып сағатында өткендігі, жоспарланғаны анықталды.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ: МЖМББС 2-қосымшасының 25-тармағына, 3-қосымшаның 35-тармағына сәйкес келеді.**<br>**Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің болуы (бұдан әрі – Біліктілік талаптары)** *біліктілік талаптарын сақтау бойынша растайтын құжаттардың көшірмелері (жабдыққа және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен алынған негізгі құралдар тізбесі), қосымшаларға сәйкес толтырылған кестелер 10, 11, 12, 13, 14, 17 білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдық пен* |

*жиһаздың болуы жөніндегі бейнематериалдар, қорытынды өзін-өзі бағалау жөніндегі бағалау парағы*:

**<u>Талдау нәтижелері</u>: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:**

Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу келесіні көрсетті:

**1) *Педагог және оқытушы кадрламен жасақталуы туралы мәліметтер: 10 – қосымшаға сәйкес толтырылған кесте мен ұсынылған диплом көшірмелері, тарификациялық кесте және Ұлттық білім беру деерктер қорынан алынған мәлеміттер негізінде:***

Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейінді бар педагогикалық кадрлармен қамтылған. Мектептегі негізгі жұмыс орны болып табылатын

80 педагогтер (оның ішінде басшы кадрлар) бұрын алған кәсіптік құзыреттерін сақтап-тұру және дамыту мақсатында оқытылатын пәні бойынша біліктіліктерін арттыру курстарынан өткен. Бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттырғандығыни растайтын сертификаттары жинақталған.

**Бастауыш білім деңгейі үшін:** Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтердің болуы. Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 25 %;

Педагог саны – 13, барлығының жоғары педагогикалық білімі бар. Қазіргі таңда педагогикалық жұмыс өтілі 6-10 жыл аралығы – 1 педагог, 10 жылдан астам - 12 педагог.

Мектеп-гимназияның ұсынған 10-қосымшасына сәйкес: бастауыш сыныпта 13 педагог сабақ жүргізеді, оның ішінде 8 педагог-зерттеуші, 4 педагог – сарапшы бар.

Бастауыш мектептегі сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің, шебер педагогтердің үлесі - 92,3%-ды құрады (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаның 1.1 – тармағы "**uzdik**" бағасына сәйкес келеді.

**Негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:**

Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы. Жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі кемінде 35%:

Мектеп-гимназиясының ұсынған 10-қосымшасына сәйкес: Негізгі және жоғары сыныптарда – 67 педагог, бірінші санатты - 2, педагог – шебер - 3,

| | | |
|---|---|---|
